


# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

**2022**

**СӘУІР-МАУСЫМ**



## 1 СӘУІР

Академия магистранттары мен докторанттарының командасы з.ғ.д., профессор Е.Н. Бегалиевтің жетекшілігімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында өткен **«КримЭкс-2022» криминалистика бойынша жыл сайынғы республикалық олимпиадада 1 орын** алды. Олимпиадаға Қазақстанның барлық өңірлерінен, оның ішінде Мамандандырылған жоғары оқу орындарынан 14 университеттік команда қатысты.

## 5-7 СӘУІР

«Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тілдік құзыреттілігі» «Шешендік өнер ғылымы және риторика мәселелері» пән шеңберіндегі **тренинг**. Тренер-премиант "PEOPLE AWARDS 2021», а «Сөйлеу тілі мен дауыс формуласы» курс авторы, коуч-тренер **Динара Жулдызовна** және психолог **Гаухар Аскерова**.





## 13 СӘУІР

Композитор, ақын, қоғам қайраткері, «Мәдениет арқылы әлем» Халықаралық қауымдастығының президенті **Төлеген Мұхамеджанұлы Мұхамеджановтың** «Мәдениет университеті» аясындағы **шығармашылық кеш**.



## 14-24 СӘУІР

Өзбекстан Республикасы Бас прокуратурасы академиясының қызметкерлері мен білім алушыларының **тағылымдамасы.** Қонақтар институт қызметімен танысты, оқу сабақтарына қатысты, Академияның білім беру, ғылыми және мәдени іс-шараларына қатысты.

## 15 СӘУІР



Жас ғалымдардың, докторанттар мен магистранттардың «Қазіргі заң ғылымын дамыту: теория және практика» тақырыбындағы **V жыл сайынғы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы**. Қорытындысы бойынша конференция материалдарының жинағы жарық көрді.



Астана қ. № 35 мектеп-лицейінің оқушыларына арналған «Отбасы мен мектеп арасындағы құқық бұзушылық пен қараусыздықтың алдын алу бойынша өзара іс-қимыл» тақырыбындағы **дәрісі** кафедрасының доценті, з ғ.к. **Д.Т. Амуртаева** және аға оқытушы, PhD **С. Августхан**.

## 19 СӘУІР

Өзбекстан Республикасы Бас прокуратурасы академиясының өкілдерінің қатысуымен «Қылмыстық құқық бұзушылықтың жекелеген түрлеріне қарсы іс-қимыл» тақырыбында магистранттар мен докторанттарға арналған **ғылыми семинар**.





## 22 СӘУІР

Аршалы кентіндегі «ЕЦ-166/5 мекемесі» РММ-де «ҚР-дағы прокурорлық қызмет. Практикум» және Жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері пәндер шеңберінде магистранттар мен докторанттардың **көшпелі сабағы.**






## 1 МАМЫР

Қазақстан халқының бірлігі күнін мерекелеу құрметіне қ. Қосшы жаңа орта мектебінің ауласына кафедра ӘГП меңгерушісі Б.Г. Нұрмағамбетов пен доцент З.Ж. Шахарбаева, магистранттар қатысуымен **ағаш отырғызу іс-шарасы**.

## 3 МАМЫР

Әлеуметтік жобалар мектебі аясында институт оқытушылары мен магистранттары «SOS Астана балалар ауылы» ЖББМ-де қаржылық және құқықтық сауаттылық мәселелері бойынша іс-шаралар өткізді.





## 6 МАМЫР

**«Ардагерлерге құрмет!» іс-шара.**
Институт оқытушылары мен білім алушылары «Жеңіс күні» мерекесі қарсаңында Қосшы қаласының жеті ардагеріне терең ризашылықтарын білдіріп, құрмет көрсетті. Академия басшылығының атынан алғыс хаттар мен мерекелік себеттер табысталды

## 16 МАМЫР

Astana Hub АХҚО магистранттарының «Жария іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібін құқықтық реттеу» және «Қазақстан Республикасында ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл практикасы» пәндері шеңберінде **көшпелі сабақтары.**






## 1 МАМЫР

«Қоғамның цифрлық трансформациясы жағдайында қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару заңнамасын жаңғырту» тақырыбындағы **халықаралық дөңгелек үстел** *(ҚР БП, ҚР АӨК, ҚР ІІМ, РФ, Беларусь Республикасы өкілдерінің қатысуымен)*.

## 2 маусым

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, ҮЕҰ өкілдерінің, Беларусь, Ресей және Өзбекстан өкілдерінің қатысуымен «Казіргі кезеңдегі Қазақстан прокуратурасының конституциялық-құқықтық мәртебесін дамытудың негізгі бағыттары» тақырыбында **халықаралық дөңгелек үстел**.






## 10 МАУСЫМ

Академияның магистратурасына және докторантурасына түсуге үміткерлермен кәсіптік бағдар беру жұмысы шеңберінде білім беру бағдарламалары, оқу шарттары және оқуға түсу мәселелері бойынша Институт директоры **С.М. Сапаралиеваның онлайн-кездесуі** (Microsoft Teams).

## 22 маусым

Академия парағында academi_gp.kz Instagram-да Институт директоры **С.М. Сапаралиева** мен директордың орынбасары **Р. Р. Нұғмановтың** қатысуымен Академияға түсу және оқу мәселелері бойынша **тікелей эфир** .

